

## «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте!»

12 қыркүйек күні Нұр-Сұлтан қаласындағы Ғафу Қайырбеков атындағы № 2 мектеп-гимназиясында тілдер мерекесіне орай «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте!» атты мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Сайыс 5-7-сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Лаура Қасымғалиқызы ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойының тойланып жатқаны туралы айта отырып, тіл туралы кіріспе сөз сөйледі.

Әділ қазылар алқасы қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімдері Лаззат Казықанқызы мен Әли Ермекұлы мәнерлеп оқу сайысына қатысқан оқушыларға жүлделі орындарды тағайындады.

Мәнерлеп оқу сайысына қатысқан оқушылардың жас ерекшеліктерін, дауыс ырғағын, дыбыстарды анық айтуын, тіл тазалығын ескере отырып, әділ баға берілді.

1-орын. 7 сынып оқушысы Тлеулес Дарина.

2-орын. 5-сынып оқушысы Шарипқали Нұрәлі.

3-орын. 5-сынып оқушысы Емутбаев Даниал.

Қатысқан оқушылардың барлығына номинациялар беріліп, марапатталды.







Тілім менің – ғасырларға аман  
Аманатқа адал болсын Қаған  
Ар – намысқа келтірмейік жа  
Қазақ болып туылдың ба, е  
Өз тілінді өзгелерге бағалат!